

entrepreneurs - single tax payers. In this sphere labour costs constitute about 70-80% of IT companies' expenses. Therefore, experts of the Ministry of Digital Transformation offered to exempt researchers, engineers, and other staff engaged in the R&D from paying social security contributions and income tax. If it had been implemented the level of income taxation of IT companies and their employees would have been cut by 80% from statutory level of taxation [2]. It would have been by far generous than in most OECD countries with special tax regimes for the IT industry where the average reduced tax rate is 8.4%, which is 60% less than the average basic tax rate. Only two countries impose preferential tax rates lower than the basic rate by more than 80% - Luxembourg and Belgium. Even in Ireland, which is considered to be a "tax haven" for IT companies, the preferential income tax rate is half the basic rate (6.25% compared to 12.5%).

Nowadays, IT companies in Ukraine can choose to pay the Single Tax of 3% (for VAT payers) and of 5% (for non-payers of VAT), which has been in existence in Ukraine for years. It is worth noting that the above mentioned Single tax is not a specific tax benefit for the IT industry. It is allowed to apply for by any Ukrainian company with up to UAH 5 million of income per year.

Since January 1, 2022 the Law of Ukraine "On Stimulating the Development of the Digital Economy in Ukraine" has been enforced. It introduced a new legal framework to boost the IT industry, which is commonly referred to as "Diia City"[3]. "Diia City" is a special tax regime for Ukrainian IT companies which offers favorable income tax of 18% or distributed profit tax of 9%, personal income tax of 5% and military tax of 1.5%. Thus the company that is registered as a Diia City resident can save more than 30% of payroll taxes [4]. To sum it up IT companies registered in Ukraine enjoy one of the lowest tax burden in the world.

#### References

1. National Bank of Ukraine (authors' calculations): <https://bank.gov.ua/en/payments/nocash>
2. <https://news.dtki.ua/taxation/common/60308>,  
<https://minfin.com.ua/ua/2020/01/31/40603189/>
3. <https://city.diia.gov.ua/en/>
4. <https://www.president.gov.ua/en/news/zapusk-diya-city-dast-ukrayini-zmogu-stati-najbilshim-it-hab-72753>

#### Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ынталандырудағы салықтардың рөлі

Ж.Т.Хишаева<sup>1</sup>, А.Қ. Бимағамбет<sup>2</sup>, К.К. Гинятова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к.

<sup>2</sup>«Есеп және аудит» оқу бағдарламасы бойынша 4 курс студенттері  
[zhanat-t2007@mail.ru](mailto:zhanat-t2007@mail.ru), [bimagambet1907@mail.ru](mailto:bimagambet1907@mail.ru), [g.k.k1@mail.ru](mailto:g.k.k1@mail.ru)

<sup>1,2</sup>академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.


Түйіндеме: Жұмыста Қазақстан Республикасындағы маңызды салалардың бірі ауыл шаруашылығы қарастырылған. Соңғы үш жылдағы ауыл, орман және балық шаруашылығымен айналысатын жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің динамикасы келтірілген. Осы салаға салық салу зерттеледі. Қолданылатын салықтық режимдер мен жеңілдіктердің түрлері қарастырылады.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, арнайы салық режимі, салық, салық мөлшерлемесі, салықтық жеңілдіктер.

Экономиканың маңызды салаларының бірі ауыл шаруашылығы болып табылады, себебі ол елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді. Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы – оның халықты мемлекеттің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігі үшін маңызды болып табылатын өмірлік

маңызды тұтыну заттарымен және азық-түлікпен қамтамасыз етуінде және елдің ұлттық табысының едәуір бөлігін (төрттен бір бөлігін) құруында жатыр.

Қазақстанда дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығының негізгі екі саласы ұсынылған: өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы. Олар өз кезегінде дербес тармақтарға бөлінеді: астық шаруашылығы, көкөніс шаруашылығы, бау-бақша, мал шаруашылығы, және т.б. олардың барлығы өндірілетін өнім түрлерімен, технологиясымен, өндірісті ұйымдастыруымен, техника жүйелерімен ерекшеленеді. Бұл ретте ірі салалар шағын салаларға бөлінеді, мысалы, мал шаруашылығы сүтті және етті мал шаруашылығына, асыл тұқымды ірі кара малды өсіруге және т. б. бөлінеді. 2022 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда ауыл, орман және балық шаруашылығымен айналысатын жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны соңғы үш жылда артып келеді, ал, жеке кәсіпкерлік субъектілері 2021-жылдың 1 қаңтарында 2020-жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6862 бірлікке артса, 2022 жылдың 1 қаңтарында 2021-жылдың 1-қаңтарымен салыстырғанда 2817 бірлікке кеміген(1-сурет).



Сурет 1. Ауыл, орман, балық шаруашылығындағы жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлік субъектілері.

Ескерту-[1,2,3] дереккөздер негізінде автормен жасалған.

Ауыл шаруашылығы республика экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі болғандықтан, шаруашылықтардың ішіндегі еліміздің экономикасы өрге жүруі үшін ажырамас бөлік болып саналады. Ауыл шаруашылығымен айналысатын заңды және жеке тұлғалар бюджетке арнайы белгіленген мерзімдер бойынша салықтарды уақытылы әрі дұрыс төлеуге міндетті. Салыққа қатысты барлық мәселелер Қазақстанда салық салуды белгілейтін және реттейтін негізгі заңнамалық акт «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі — "Салық кодексі") болып табылады. Қазіргі әрекет етуші Салық кодексі 2017 жылдың 25 желтоқсанында қабылданды және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді, 11.07.2022ж. соңғы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

ҚР экономикасының стратегиялық маңызды секторларының бірі бола отырып, агроөнеркәсіптік кешен салық салу саласында да мемлекеттің қолдауына ие болады.

Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін субъектілер үшін кәсіпорындарды ұйымдастырудың екі нысаны бар – бұл шаруа қожалықтары мен ауылшаруашылық тауар өндірушілері, сондай-ақ ауылшаруашылық кооперативтері.

Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігі субъектілері бірнеше салық салу режимдерінің бірін, соның ішінде шағын бизнеске арналған арнайы салық режимін, шаруа және фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимін, заңды тұлғалар-ауыл шаруашылығы өндірушілері мен ауылдық тұтыну кооперативтері үшін арнайы салық режимін және жалпыға бірдей белгіленген салық режимін пайдалана алады (Кесте 1).

## Кесте 1

## Ауыл шаруашылығымен айналысатындар үшін арнайы салық режимдері

Салық режимдері	Салықтық жеңілдіктер
1. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдері	
1.1 Патент негізіндегі арнаулы салық режимі (жер учаскелерін өңдеу бойынша қызметтерді көрсететіндер қолдана алады)	Салық кодексінің 686-бабына сәйкес патент құнына кіретін жеке табыс салығының сомасын есептеу салық салу объектісіне 1% мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану жолымен жүргізіледі
1.2 Оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салықтық режим	Салық кодексінің 687-бабының 1 тармағына сәйкес салықтарды оңайлатылған декларация бойынша есептеуді салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салықтық кезең үшін 3% мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы дербес жүргізеді. Салық кодексінің 687-бабының 2 тармағына сәйкес егер, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша жұмыскерлердің орташа айлық жалақысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің жеке кәсіпкерлерде-кемінде 23 еселенген, заңды тұлғаларда кемінде 29 еселенген мөлшерін құраса, Салық кодексінің 687-бабының 1-тармағына сәйкес салықтық кезең үшін есептелген салық сомасы жұмыскерлердің орташа тізімдік саны негізге алына отырып, әрбір жұмыскер үшін салық сомасының 1,5% мөлшеріндегі сомаға азайтылу жағына қарай түзетілуге жатады
2. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі	Арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері бюджетке төлеуге жататын келесідей салықтардың сомасын: 1. Салық Кодексінің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан түскен кіріс бойынша - корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығының (төлем көзінен ұстап қалатын салықтардан басқа) сомасын; 2. Салық Кодексінің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырумен байланысты салық объектілері бойынша - әлеуметтік салық сомасын; 3. Салық Кодексінің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша-мүлік салығы, көлік құралы салығы сомасын 70%-ға азайтуға құқылы
Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі	Салық Кодексінің 704-бабына сәйкес бірыңғай жер салығын есептеуді есепті салықтық кезең үшін салық салу объектісіне 0,5 % мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы салық төлеуші дербес жүргізеді. Бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп

	<p>айырысу тәртібін көздейді. Бұл жағдайда салық салу объектісі жер учаскесінің құны болып табылады. Бұл ретте бірыңғай жер салығын төлеушілер төлемейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– шаруа немесе фермер қожалығының табыстарына салынатын жеке табыс салығы;</li> <li>– қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы;</li> <li>– өндірістік қызметте пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланғаны үшін жер салығы және (немесе) төлемақы;</li> <li>– көлік құралдарына салынатын салық-өндірістік қызметте пайдаланылатын объектілер бойынша;</li> <li>– мүлік салығы – өндірістік қызметте пайдаланылатын объектілер бойынша.</li> </ul> <p>Бірыңғай жер салығын төлеушілер ай сайын әрбір қызметкер, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалығының басшысы мен мүшелері үшін айлық есептік көрсеткіштің 20% мөлшерлемесі бойынша әлеуметтік салық сомасын есептейді.</p>
<p>Ескерту-Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) негізінде автормен жасалған [4].</p>	

Елімізде жеке меншік кәсіпкерлер өте көп. Үкімет тарапынан сол кәсіпкерлерді максималды түрде қолдау үшін көптеген жеңілдіктер жан-жақты қарастырып, Заңнамалық негізде күшіне енуде.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режиміне тоқталып кететінін болсақ, әдетте, Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес КТС-тің мөлшерлемесі 20% болып табылады, ал ауыл шаруашылығы өнімін, аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін, егер мұндай табыс ауыл шаруашылығы өнімін, аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімін өндіру, аталған өз өндірісінің өнімін, сондай-ақ осындай қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алынған болса 10%-дық мөлшерлеме бойынша КТС төленеді. Салық кодексінің 313 бабының 2 тармағына сәйкес анықталады.

2010 жылдың 1 қаңтары мен 2018 жылдың 1 қаңтары аралығында 10% мөлшерлеме бойынша салықты, ауыл шаруашылығы үшін құрал-жабдықтарды дайындайтын кәсіпорындарға да 7 жыл салықтар бойынша жеңілдік болған. Бұл еліміздегі ауыр өнеркәсіптің жоғары дәрежеде дамуына зор үлесін қосқанын айта кету керек.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдарды ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының өзінің бастауын 2020 жылдың 1 қаңтарынан «шағын және орта бизнес субъектілері» салықтардан толыққанды түрде 3 жылға, яғни 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін босатылған. Бұл 3 жыл мерзім бизнес субъектілері үшін жетіліп, дамып, кәсіпорынның өзін жаңа қырынан көрсетуге септігін тигізеді. Бұл өзгерістер егін мен мал шаруашылығымен айналасатын шаруа қожайылықтарынан көбеюіне алып келді. Жалпы салық режиміндегі өзгерістер мен жеңілдіктер туралы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2019 жылғы қыркүйек айындағы жолдауында тоқталып, аса қадағалауға алатыны жайлы сан мәрте айта кеткен еді. Айтулы өзгерістер 2019 жылдың 27 желтоқсанынан бастап іске асып, ол туралы Заңдағы өзгертулерге қол қойылды. ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 24-бабына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілері заңды тұлға құрмай және кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер болып табылады, қызметкерлердің жылдық орташа саны 100 адамнан аспайды және орташа тиімді табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және қаржылық есептілік жылының 1 қаңтарға сәйкестігінде қолданыста болатын үш жүз мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек.

Жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылады, жұмыскерлердің жылдық орташа саны 15 адамнан аспайды, орташа жылдық табысы тиісті қаржылық есептілік жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленген отыз мың еселенген көрсеткіштен аспауы шарт.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілілігінің сәйкестігі анықталғаннан кейін осы субъектілердің қайсысының салық төлемеуге құқығы бар екенін нақтыланған. Олар:

Сонымен, біріншіден- корпоративті табыс салығының 100% - ға азаяды (төлем көзінен ұсталатыннан басқа), Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 700- бабына сәйкес есептелген, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын ауыл шаруашылығы өндірушілері.

Екіншіден - шаруа және фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер ҚР СК 704-бабына сәйкес есептелген бірыңғай жер салығының сомасын 100% - ға азайтады.

Үшіншіден, патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер ҚР СК 686 - бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатыннан басқа) төленуге жататын сомасын 100% - ға азайтады.

Төртіншіден-ҚР СК 695-бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатыннан басқа) төленуге жататын сомасын тіркелген шегерімді пайдалана отырып, ТШЖ қолданатын салық төлеушілер 100% - ға азайтады.

Бесінші-оңайлатылған декларация негізінде ТШЖ қолданатын салық төлеушілер ҚР ҰК 687-бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатыннан басқа) және әлеуметтік салықтың төлеуге жататын сомаларын 100% - ға азайтады.

Бұл өзгерістер еліміздің кәсіпкерлері үшін қолдаудың ен жақсы шешімі. Себебі осындай жеңілдіктердің нәтижесін «100 жаңа есім» жобасынан да аңғару қиын емес. Үкімет тарапынан осындай қолдаулар көп қарастырылып, іске асып отыратын болса, Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жаңа деңгейге көтерілетіні сөзсіз.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1.Кәсіпорындар статистикасы. 2-серия. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)

2. Кәсіпорындар статистикасы. 2-серия. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)

3. Кәсіпорындар статистикасы. 2-серия. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)

4.«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.(11.07.2022ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). [adilet.zan.kz/](http://adilet.zan.kz/)